

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті базасындағы «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы Оқу-әдістемелік бірлестігінің (ЖБТ) «Қазақстан Республикасында педагогикалық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру» тақырыбындағы кеңейтілген мәжілісінің

Хаттамасы

17 қаңтар 2023 жыл

№ 3

Алматы қаласы

ОӘБ-ЖБТ төрағасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор Билялов Дархан Нұрланұлы.

Қатысқандар: Педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындары, ҚР ҒЖБМ өкілдері және стейкхолдерлер, офлайн – 131, онлайн – 300-ден аса адам.

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ ШЕШІМДЕРІ

1. ҚР білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру бойынша педагогикалық бағыттағы ОӘБ міндеттері туралы

(Нарбекова Б.М.)

1. ҚР ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрайымының м.а. Б.М.Нарбекованың ақпараты назарға алынсын.

2. Педагогикалық бағыттағы РОӘК ОӘБ педагогикалық жоғары оқу орындарымен бірлесіп Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын уақытылы орындау үшін шаралар қабылдасын:

2.1 Мұғалімдерді қайта даярлау бағдарламаларын іске асыруды жандандыру (39-т);

2.2 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау жөніндегі білім беру бағдарламаларын жаңарту (113-т.);

2.3 Студенттік өзін-өзі басқару қызметін күшейту (6-т);

2.4 Балаларды ерте дамыту саласында білім беру қызметтерін ұсынатын жоғары оқу орындарындағы ПОҚ-тың тағылымдамадан өтуі (29-т);

2.5 ЖЖОКБҰ-дағы психологиялық қызметтерді жетілдіру (112-т);

2.6 Білім алушыларға көмек көрсету үшін (репетиторлық) педагогикалық жоғары оқу орындарының жоғары курс студенттерін

тарту,оның ішінде онлайн-форматта меңгеруде қиындықтар туғызатын тақырыптар бойынша (72-т);

2.7 ЖЖОКБҰ-да инклюзивті білім беруді және көптілді оқытуды дамыту (111-т);

2.8 Ұлттық бірыңғай тестілеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу (105-т);

2.9 Білім беру жетістіктері мен әлеуметтік санат деңгейін ескере отырып, мемлекеттік гранттар беру моделін жетілдіру мәселесін пысықтауға қатысу (106-т).

3. Мұғалімдерді даярлауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ-на:

3.1 **"Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы"** бағыты бойынша ОӘБ-мен бірлесіп мектепке дейінгі педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру бойынша әдістемелік тәсілдерді әзірлеу, кадрларды даярлауда теория мен практиканың бірлігін қамтамасыз етсін;

3.2 **"Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау"** бағыты бойынша ОӘБ-мен бірлесіп жұмыс берушілерді тарта отырып қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау бойынша инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмысты жандандырсын;

3.3 **"Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау"** бағыты бойынша ОӘБ-мен бірлесіп оқушыларды математикалық сауаттылыққа оқытудың жаңа әдістемелері және ШЖМ-де онлайн оқыту бойынша ұсыныстар әзірлесін;

3.4 элективті пәндер каталогтарында қосымша білім беруді жүзеге асыру, оның ішінде сыныптан тыс үйірмелер мен факультативтердің қосымша бағдарламаларын әзірлеу бойынша курстар қарастырылсын.

4. **"015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді (педагогтарды) даярлау"** бағытындағы ОӘБ болашақ мұғалімдердің АКТ және цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру мен цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу және қолдану бойынша ұсыныстар әзірлесін.

5. **"019 Арнайы педагогика бойынша мамандар даярлау"** бағытындағы ОӘБ инклюзивті білім берудің үздіксіз жүйесінің (балабақша, мектеп, колледж, ЖОО) моделіне, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды ерте кәсіптік бағдарлау, кәсіптік алдындағы және кәсіптік даярлау бағдарламаларына ұсыныстар әзірлесін.

2. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және сараптау ерекшеліктері

(Мұқатаев А.А.)

1. ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту Ұлттық орталығының директоры А.А.Мұқатаевтың ақпараты назарға алынсын.

2. **ЖЖОКБҰ** білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде инновациялық білім беру бағдарламаларының сипаттамалары мен бағалау құралдары ескерсін.

3. **ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту Ұлттық орталығынына** "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығының әкімші жіберген ескертулер бойынша білім беру бағдарламаларын пысықтауға уақытты ұлғайту бөлігінде көрсетілген Қағидалардың 11-тармағына 10 (он) жұмыс күнінен 15 (он бес) жұмыс күніне дейін деп өзгеріс енгізу ұсынылсын.

3. Ұлттық біліктілік тестілеуіндегі (ҰБТ) өзгерістер мен жаңашылдықтар

(Емелбаев Р.Т.)

1. ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры Р.Т.Емелбаевтің ақпараты назарға алынсын.

2. Педагогикалық бағыттардың түлектері үшін "Педагогика, оқыту әдістемесі" пәнінің атауын "Оқыту әдістемесі" тақырыбына 14-тен 11-ге дейін қысқарта отырып өзгерту және "Оқыту әдістемесі" ҰБТ пәні бойынша тест Спецификациясын бекітуге ұсынылсын:
Қазақ тілінде:

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Тәрбие әдістемесі	01	Тәрбие әдістері
		02	Тәрбие процесінің принциптері, негізгі бағыттары
02	Оқыту процесі	03	Оқу процесінің принциптері
		04	Оқыту әдістері мен формалары
03	Оқу процесін басқару және ұйымдастыру	05	Сабаққа дайындық, педагогикалық талдау және оқу процесінің рефлексиясы
		06	Мұғалімнің инновациялық қызметі
04	Оқыту мен оқытудағы жаңа	07	Тиімді оқыту және танымдық даму
		08	Сыныптағы диалогтың

	тәсілдер		маңыздылығы. Сұрақтар қою
		09	Оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдерді ескере отырып сабақтарды жоспарлау
05	Оқу жетістіктерін бағалау	10	Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. Кері байланыс
06	Зерттеу тәжірибесі	11	Сабақты зерттеу мен тәжірибені зерттеудің тәсілдері мен стратегиялары

Орыс тілінде:

№	Тема	№	Подтема
01	Методика воспитания	01	Методы воспитания
		02	Принципы и основные направления процесса воспитания
02	Процесс обучения	03	Принципы процесса обучения
		04	Методы и формы обучения
03	Управление и организация учебного процесса	05	Подготовка к уроку, педагогический анализ и рефлексия учебного процесса
		06	Инновационная деятельность учителя
04	Новые подходы в преподавании и обучении	07	Эффективное преподавание и когнитивное развитие
		08	Важность диалога в классе. Постановка вопросов
		09	Планирование уроков с учётом новых подходов в преподавании и обучении
05	Оценивание учебных достижений	10	Оценивание для обучения и оценивание обучения. Обратная связь
06	Исследование практики	11	Подходы и стратегии исследования урока и исследования практики

3. Әдебиеттер тізіміне өзгерістер енгізу және ҰТО сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылсын.

СЕКЦИЯ МӘЖІЛІСТЕРІНІҢ ШЕШІМДЕРІ

1. Білім беру бағдарламалары тізілімінің өзекті мәселелерін талқылау

(Мухамбетова А.А.)

1. ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту Ұлттық орталығы жоғары білім беру мазмұнын басқару офисінің басшысы А. А. Мұхамбетованың ақпараты назарға алынсын.

2. **ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығы "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласындағы оқу-әдістемелік бірлестіктермен бірлесіп ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес ББ оқыту нәтижелерін қалыптастыру бойынша семинар ұйымдастырсын.**

3. **ЖЖОКБҰ** ББ тізіліміне енгізілген бағдарламалардың өзектілігіне, НҚА, ҰБШ, СБШ, кәсіптік стандарттарға сәйкестігіне мониторинг және мерзімді бағалауды академиялық комитеттерде белсенді талқылай отырып, жұмыс берушілерді тарта отырып жүзеге асырсын.

4. **ЖЖОКБҰ** мониторинг нәтижелерін ескере отырып ББ тізілімінде білім беру бағдарламалары өзектендірілсін.

2. «ҚР педагогикалық әлеуетті күшейту» әлемдік банк жобасы аясында әзірленген 30 жаңа білім беру бағдарламасын Тізілімге енгізу алгоритмі

(Мұқатаев А.А.)

1. ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту Ұлттық орталығының директоры А.А. Мұқатаевтың ақпараты назарға алынсын.

2. **«ҚР педагогикалық әлеуетті күшейту» ӘБ жобасы шеңберінде әзірленген 30 жаңа білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысатын ЖЖОКБҰ:**

2.1 ҚР ҒЖБМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру Комитетімен бірлесіп ҚР "Білім туралы" Заңының 25–бабына және "Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығына (бұдан әрі-Қағидалар) сәйкес 2023-2024 оқу жылында білім беру бағдарламаларының деректерін пилоттау үшін эксперименттік білім беру бағдарламалары мәртебесін беруді пысықтасын;

2.2 білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысатын жоғары оқу орындары эксперимент режимінде білім беру бағдарламаларын сынақтан өткізу үшін эксперименттік алаң ретінде айқындалсын;

2.3 Қағидалардың 7-тармағына сәйкес әзірленген эксперименттік білім беру бағдарламалары оқу-әдістемелік бірлестіктерге мақұлдау алу үшін ұсынылсын;

2.4 Қағидалардың 8-тармағына сәйкес эксперименттік білім беру бағдарламаларын сынақтан өткізу және енгізу туралы шешім қабылдау үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің сараптама тобына өтінім беру қамтамасыз етілсін.

3. Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығы білім беру бағдарламаларының паспортына: ЖБББОЖ-дағы тізілімнің цифрлық платформасында - техникалық; 30 жаңа ББ жоба шеңберінде куррикулум мазмұнында – редакциялық тиісті түзетулер енгізу мүмкіндігін қарастырсын.

3. Ұлттық біліктілік тестілеудің (ҰБТ) өзекті мәселелерін талқылау

(Емелбаев Р.Т.)

1. ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры Р.Т. Емелбаевтің ақпараты назарға алынсын.

2. ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығына:

2.1 педагогикалық бағыттар бойынша ҚР жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттерінің ҰБТ тапсыруын ағымдағы жылдың сәуір айына жоспарлау;

2.2 педагог-тағылымдамашы ретінде жылдық тағылымдамадан өткеннен кейін ЖОО түлектерінің ҰБТ тапсыруын нормативті бекітуді бастау.

2.3 ҰБТ сұрақтарын әзірлеу үшін білікті маман-тәжірибешілерді тарту;

2.4 информатика, физика, химия, биология мұғалімдерін ағылшын тілінде даярлау білім беру бағдарламаларының түлектері үшін ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсыруды қарастыру;

2.5 "Арнайы педагогика" ББ бойынша ҰБТ мәселелерін қайта қарау (Тифлопедагогика, Олигофренопедагогика, Сурдопедагогика, Логопедия) және осы бағыт бойынша ОӘБ отырысында бекіту ұсынылсын.

4. Нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) өзекті мәселелерін талқылау

(Джарасова Г.С.)

1. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Г. С. Джарасованың ақпараты назарға алынсын.

2. «Қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы) "Педагогикалық ғылымдар" саласында білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға рұқсат беру бөлігінде, онлайн-оқыту және (немесе) пәндер үлесін ұлғайту нысанында магистратура деңгейінде барлық оқу кезеңінде пәндердің жалпы санының жиырма пайызынан елу пайызына дейін Қашықтықтан оқытуға ауыстыру туралы өзгерістер пен толықтырулар енгізу туралы ҚР ҒЖБМ алдында ұсыныс жасалсын.

3. ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және ҚР ҰЭМ-нің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» бірлескен бұйрығының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінің 1 Қосымшадағы "Бағалар пайызы" 11-тармағына академиялық кезеңдегі (КОТ Қағидасы) бағаларды бөлу кестесіне сәйкес оң бағалардың жалпы санына қатысты "А" және "А–" бағаларының пайызы академиялық кезеңдегі бағалардың жалпы санына қатысты 20% – дан астам және (немесе) "F" бағаларының пайызы жазғы семестрді қоспағанда, "бакалавриат деңгейінде" 20% – дан астам болуы толықтыруын енгізу туралы ҚР ҒЖБМ-ға ұсыныс жасалсын;


4. ЖОО-лар өздерінің ақпараттық жүйелерін ҰБДҚ-мен интеграциялауды жүзеге асыруы үшін жағдай жасау туралы ҒЖБМ алдында ұсыныс жасалсын.

5. Ағымдағы тәжірибе мен әлемдік тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы №110 бұйрығымен бекітілген педагогикалық қайта даярлау қағидаларын қайта қарау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы ҒЖБМ-ға ұсыныс жасалсын.

**Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы
«Педагогикалық ғылымдар» білім
беру саласындағы ОӘБ-ЖБТ төрағасы,
Басқарма Төрағасы-Ректор**

 **Д. Билялов**

**Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы
«Педагогикалық ғылымдар» білім
беру саласындағы ОӘБ-ЖБТ
Ғалым-хатшысы**



Ұ. Нұрғалиева

